**«Шаттық»** бөбекжай-балабақшасы

**Бекітемін:**
«Шаттық» бөбекжай-бала-
бақшасының меңгерушісі:
Э.М.Амангосова

**Келісемін:**
Аудандық әдістемелік
кабинеттің әдіскері:
К.М.Шонаева

Вариативтік бөлім

# «Шебер қолдар»

**Тәрбиеші Жантаева М.Ж**

**2023-2024 жыл**

## Түсінік хат

Дәстүрден тыс әдіс арқылы сурет салу,мүсіндеу,жапсыру бүлдіршіндердің сүйікті ісі.Өйткені бояу әлеміне ену,оны қолмен ұстап,сезіну арқылы салынған дүние балалардың танымдық деңгейін ғана емес,сонымен бірге қоршаған ортаға деген қызығушылығын да арттырады.Сондықтан болар,дәстүрден тыс әдіс арқылы бейнелеу

баланың психикасына(эмоционалдық жағдайына)

-логикалық ойлау қабілетіне,

-саусақ моторикасының дамуына,

-қағаз бетіне бағдарлай білуді,

-көзбен көріп, мөлшерлей білуді

-эстетикалық талғамының қалыптасуына зор ықпал етеді.

Жалпы мектепке дейінгі ұйымдардағы бейнелеу өнерінің,мүсіндеудің,табиғи материалдармен жұмыс жасаудың шығармашылық қабілеттерін шыңдауда балалар үшін маңызы зор.

Аптасына бір рет өткізілетін бұл іс-әрекеттер балалардың қиялын,ой-өрісін дамытады,шығармашылыққа жетелейді.Бала қиялына ерік беру арқылы оның ішкі сезімін,жан дүниесін,бағдарлау,нәтижеге жетер жолдағы тиянақтылық пен іскерлік дағдысын дамыту

Ата-баба мұрасын бала бойына ұлттық өнер үлгілері арқылы сіңіріп күнделікті тұрмыста қолданылатын бұйымдарын және әр түрлі заттарын бейнелеп,мүсіндеп жапсыру арқылы балалардың бойына патриоттық сезім қалыптастыру.

**«Шебер қолдар»** вариативті бөлімі балаларды дәстүрден тыс әдіс арқылы сурет салуға,мүсіндеуге,жапсыруға,табиғи материалдарды қолданып өз шығармашылық қабілеттерін дамытып,жасаған жұмыстары туралы әңгімелей білуге үйретеді.

**Мақсаты:**

Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық ойлау қабілетін,мәдениетін дамыту. Шығармашылық іскерліктері мен эстетикалық талғамдарын қалыптастыру. Қазақ халқының ұлттық құндылықтарына сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

**Міндеттері:**

Балалардың шығармашылық қабілеттерін шыңдап,бір затты әр қырынан көре білуге,жасаған жұмыстарын талдауға,өз ойларын жеткізе білуге машықтандыру.Бейнелеу өнеріне қажетті негізгі техникалық дағдыларды меңгерту.Саусақ моторикасының дамуына,эстетикалық талғамының қалыптасуына ықпал ету.Сурет өнеріне қызығушылығын арттыру,бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге,шыдамдылыққа,ұқыптылыққа тәрбиелей отырып рухани-адамгершілік қасиеті дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру.

**Күтілетін нәтиже**

Дәстүрден тыс бейнелеу техникасын меңгеріп,өз беттерінше жұмыс жасайды. ;

қазақ оюларының элементтерін салады және олармен киімдерді,

тұрмыстық заттарды безендіреді;

қазақ ою-өрнектерінің түрлерін біледі;

қазақ халқының тұрмыстық заттарын, киіз үйдің жабдықтарын таниды, оларды қиып жапсырады, оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен безендіреді;

Шығармашылық қабілеттері шыңдалады.

Жасаған жұмысы туралы айтып бере алады.

**«Шебер қолдар»** вариативті бөлімі балаларды дәстүрден тыс әдіс арқылы сурет салуға,мүсіндеуге,жапсыруға,табиғи материалдарды қолданып өз шығармашылық қабілеттерін дамытып,жасаған жұмыстары туралы әңгімелей білуге үйретеді.

**Мақсаты:**

Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық ойлау қабілетін,мәдениетін дамыту. Шығармашылық іскерліктері мен эстетикалық талғамдарын қалыптастыру. Қазақ халқының ұлттық құндылықтарына сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

**Міндеттері:**

Балалардың шығармашылық қабілеттерін шыңдап,бір затты әр қырынан көре білуге,жасаған жұмыстарын талдауға,өз ойларын жеткізе білуге машықтандыру.Бейнелеу өнеріне қажетті негізгі техникалық дағдыларды меңгерту.Саусақ моторикасының дамуына,эстетикалық талғамының қалыптасуына ықпал ету.Сурет өнеріне қызығушылығын арттыру,бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге,шыдамдылыққа,ұқыптылыққа тәрбиелей отырып рухани-адамгершілік қасиеті дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру.

**Күтілетін нәтиже**

Дәстүрден тыс бейнелеу техникасын меңгеріп,өз беттерінше жұмыс жасайды. ;

қазақ оюларының элементтерін салады және олармен киімдерді,

тұрмыстық заттарды безендіреді;

қазақ ою-өрнектерінің түрлерін біледі;

қазақ халқының тұрмыстық заттарын, киіз үйдің жабдықтарын таниды, оларды қиып жапсырады, оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен безендіреді;

Шығармашылық қабілеттері шыңдалады.

Жасаған жұмысы туралы айтып бере алады.

| Айы | тақырыбы | Мақсаты | саны |
|---|---|---|---|
| Қыркүйек | Күннің көзі<br><br>Алтын күз<br><br><br><br>Күз сыйлығы | Сары түсті қағазды түйіршіктеу арқылы жапсыру<br>Ұжымдық жұмыс.(коллаж)жапырақтарды пайдаланып күз бейнесін жасау.Табиғатты аялауға тәрбиелеу<br>Жемістердің қасиеті туралы білімдерін кеңейту,ермексазбен ұқыпты жұмыс жасауға үйрету. | 1<br><br>1<br><br><br>2 |
| Қазан | Шаңырақ<br><br><br><br>Түскиіз<br><br><br><br>Құрақ көрпе | Ұлттық құндылығымызды дәріптей отырып,киіз үйдің басты бөлшегі шаңырақты түрлі түсті қағаздардан қиып жапсыру арқылы жасау.<br>Балаларға күрделі емес ұлттық ою-өрнекті симметриялы қиюды үйрету,халық өнеріне деген сүйіспеншілігін арттыру.<br>Күнделікті тұтынатын бұйымдар жайында түсінік бере отырып,түрлі түсті қағаздардан,мата қиындыларынан көрпе құрату. | 2<br><br><br><br>1<br><br><br><br>1 |
| Қараша | Қоржын<br><br><br>Достарыма арналған үй<br><br><br><br>Бауырсақ<br><br><br><br>Сандық | Қоржынның суретін сала отырып, оның не үшін керек екенін түсіндіру.<br><br>Қағаздан қиылған пішіндерді дұрыс пайдаланып үйді жасату.Қауіпсіздік ережесін сақтай отырып жұмыс жасауға дағдыландыру.<br><br>Тұзды қамырдан бауырсақты мүсіндету,қолдың алақанның ұсақ моторикасын жетілдіру.Бауырсақ туралы білімін толықтыру.<br>Ұлттық оюды пайдаланып сандықты әшекейлеу | 1<br><br><br><br>1<br><br><br>1<br><br><br>1 |
| Желтоқсан | Бәйтерек | Бәйтеректі дәнді дақылдармен әшекейлеу технологиясын үйрету. | 1 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Домбыра<br><br><br>Тәуелсіздік күніне жалау | Картоннан жасалған домбыраны түрлі түсті қағазбен безендіру.<br><br>Түрлі түсті қағаздардан жалау жасату.Әсемдікке баулу. | 2<br><br><br><br>1 |
| Қаңтар | Аққала<br><br><br><br>Әдемі пима<br><br><br>Бұйра қозы<br><br><br>Бастырма ою | Тұзды қамырдан аққала жасау,пішіндерді көлеміне қарай орналастыруға үйрету.Тапсырманы ұқыпты орындауға дағдыландыру.<br>Картоннан жасалған піманы өз қалауы бойынша бояумен әшекейлеу<br>Қозыны мақтаны пайдаланып жасау,шығармашылық қызығушылығын арттыру.<br>Дайын оюларды құрастыру арқылы танымдылығын кеңейту.Оюларды ажырата білуге баулу. | 1<br><br><br><br>1<br><br>1<br><br><br>1 |
| Ақпан | Торсық<br><br><br><br><br>Атамның тақиясы<br><br><br>Кілемше | Қазақтың ұлттық ыдыстарын таныстыру.<br>Ермексаздан ұлттық ыдыс торсықты мүсіндету<br><br>.Дайын үлгідегі тақияны ою жапсыру арқылы жасау.<br><br><br>Кілемшені дәстүрден тыс әдіспен әшекейлеу. | 2<br><br><br><br><br>1<br><br><br><br>1 |
| Наурыз | Ши құрақ<br><br><br><br><br>Ұлттық кесе<br><br><br>Қамыш өру | Түрлі-түсті қағаздарды пайдаланып ши құрақ дайындау.Жұмыс барысында ұқыптылықты,тиянақтылықы қадағалау.<br>Папье-маше әдісі арқылыкесе жасап оны оюлап,сәндеу.<br><br>Түрлі түсті жіптерді пайдаланып өру,бекіту. | 1<br><br><br><br><br>2<br><br><br><br>1 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Сәуір | Құрғақ жүннен ою түрлері<br><br>Келі мен келсап | Ұжымдық жұмыс. «Коллаж»<br><br>ермексаздан келі мен келсапты жасату. | 2<br><br>2 |
| Мамыр | Мерекелік от шашу<br><br>Әжемнің жүзігі<br><br>Фетрден жасалған бұйымдар | Мерекенің өзіне тән ерекшеліктерін беру,отшашуды әр түрлі реңктермен бейнелеу.Балалардың қиялын дамыту.<br><br>Оригами әдісі арқылы жүзік жасату,шығармашылыққа қызығушылығын арттыру.<br><br>Қазақтың ою-өрнектерінен лэпбук жасау. | 1<br><br>1<br><br>1<br><br>1 |

**Тексерілді: әдіскер Л.Лепес**
**Тәрбиеші М.Жантаева**
**Ұйымдастырылған вариативті жұмыс жоспары**
**Өткізу мерзімі:**07.09.2023ж
**Топтың жас ерекшілігі**:4жас
**Тақырыбы:**«Күннің көзі»
**Оқу іс-әрекеті**:Жапсыру
**Мақсаты:** Сары түсті қағазды юып жолақтардан күннің шуағын жапсыру
**Міндеттері:** Қажетті құралдарды дұрыс қолданып, дайын пішіндерді жапсыруға үйрету. Геометриялық пішінді шеңберді тану іскерліктерін ,көркемдікті қабылдауын дамыту.Шыдамдылық пен еңбекқорлыққа баулу.
**Қолданатын құрал - жабдық:** суреттер,түрлі-түсті қағаз,қайшы,желім,.
**Сөздік жұмыс:** күннің көзі
**Көптілдік компонент:** күн- солнце

| **Іс әрекет кезеңдері** | **Тәрбиешінің іс - әрекеті** | **Балалардың іс - әрекеті** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық – қозғаушылық** | Шаттық шеңбері:<br>-Күннің көзі ашылып,<br>Көкке шуақ шашылып,<br>Құтты қонақ келіпті,<br>Төрімізге еніпті,<br>Амандасу үлкенмен,<br>Тәрбиенің басы ғой.<br>Ал кәнекей бәріміз.<br>Сәлем дейік үлкенге | Тәрбиешімен бірге қайталайды |
| **Ұйымдастырушылық-ізденістік** | -Балалар,қарандаршы күннің шуағы ашылмай бұлттанып,күн бұлттың арасына тығылып қалыпты.<br>-Күннің шуағы ашылу үшін бізге арналған бұлттардың тапсырмалары бар екен.<br>Егер сендер сол тапсырмаларды дұрыс орындасаңдар,бұлттар сейіліп күннің шуағы ашылады екен.<br>Қазір жылдың қай мезгілі?<br>Күз мезгілі туралы тақпақ білесіңдерме?<br>Балалар бүгін біз күннің шуақтарын жапсыруымыз керек<br><br>Ол үшін біз қандай түсті пайдаланамыз?<br><br>-Балалар, жапсыру жасау үшін бізге не қажет? | -Күзмезгілі.<br><br>Алтын,сары ,қызыл,көк<br>Алуан,алуан жапырақ,<br>Күзгі бақта күлімдеп<br>Көз тартады атырап.<br><br>Сары<br><br>Желім,қайшы,қағаз, орамал. |

| | | |
|---|---|---|
| | Үлестірмелі материалға назарларын аудару.<br>Жұмыстың орындау реті мен түсіндіру.<br>-Алдымен төрт бұрышты қағазды аламыз,қағаздың төрт бұрышын қиямыз дөңгелек қылып аламыз.<br>Балалар қиған қағазымыз қандай пішінге ұқсады?<br><br>Күнді қиып болдық.Біздің күнімізге не жетпей тұр?<br>-Балалар: күннің шуақтары<br>Олай болса күннің шуақтарын жасайық.<br>Күннің шуақтарын жасау үшін қиынды қағаздарды домалақтаймыз сосын жасаған шеңберіміздің шетіне жапсырып шығамыз. | Балалар шеңбер деп жауып береді.<br>күннің шуақтары<br><br>Балалар тапсырманы орындауға кіріседі |
| **Рефлексиялық-түзетушілік** | Балалар бүгінгі ашық оқу-қызметі сендерге ұнады ма?<br>Балалар сендер қандай тапсырмалар орындадыңдар?<br>Жарайсыңдар сендер тапсырманы ұқыпты орындадыңдар. | -Иә<br><br>Күннің көзін жапсырдық |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Дөңгелек пішінді
**Игереді:** Шуақты күн деген түсінікті.
**Меңгереді:** Күн шуағын әрқашан айналаға таратып тұратынын.

**Тексерілді:** ~~~ **әдіскер Л.Лепес**

**Тәрбиеші М.Жантаева**

**Ұйымдастырылған вариативті жұмыс жоспары**

**Өткізу мерзімі:**14.09.2023ж

**Топтың жас ерекшілігі:**4жас

**Тақырыбы:** « Алтын күз».(ұжымдық жұмыс)

**Оқу іс-әрекеті:**Сурет салу

**Мақсаты:** Ұжымдық жұмыс.(коллаж)жапырақтарды пайдаланып күз бейнесін жасау. Күзгі табиғи ерекшеліктерді әсерлі қабылдай білуін қалыптастыру. Күздің бейнесін сюжетті сурет салу барысында жапырақтарды бояп , жағу тәсілімен салуды үйрету. Эстетикалық талғамға тәрбиелеу. Табиғатты аялауға тәрбиелеу

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** демонстрациялық көрнекілік, жапырақтар.

**Қажетті құрал –жабдықтар :** түсті сары, қызыл, тоқ сары, қоңыр - бояулар, қылқалам,

**Алдын – ала орындалатын жұмыстар:** балабақша алаңдарындағы ағаштарға бақылау жасау.

**Сөздік жұмысы:** алтын күз,жапырақтар

**Билингвальды компонент;** күз-осень,алтын күз- золотая осень, жапырақтар-листья.

| Оқу іс – әрекетінің кезеңдері | Тәрбиешінің іс- әрекеті | Баланың іс – әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Қуан, шаттан алақай!<br>Қуанатын күн туды.<br>Қайырлы таң!<br>Қайырлы күн!<br>Тәрбиеші балаларға күз мезгілі туралы бейне таспаны көрсетеді.<br>Кейін балаларға түсініктеме сұрақтар қояды:<br>Балалар , Ормандағы ағаштар қандай, жерде не жатыр?<br>Жапырақтардыңдың түсі қандай ?<br>Осы көріністі « Алтын күз» деп атайтындығын түсіндіреді. Балаларға алтын күз, ала жапырақтар,үйілген жапырақтар сөзіне, сөздік жұмыстар жүргізеді.<br>Енді сендер ормандағы ағаштарды әдемілеп, күз бейнесін салыңдар. | Ағаштардың жапырағы түсіп жатыр<br>Сары,қызыл жапырақтар |

| | | |
|---|---|---|
| | | |
| Ұйымдастыру<br><br>ізденістік | Осы сюжеттік суретті салу үшін тәрбиеші балаларға түсіндіріп, көрсетеді.<br><br>Демонстрациялық көрнекілікте емен, қарағаш, аққайың, терек ағаштардың, бұлттар, тимпешіктер мен жолдардың суретін дайындап қойғанын көрсетіп, осы дайын бетке жапырақтарды қылқаламмен бояп, жағу тәсілімен салуды түсіндіреді.<br><br>Балаларға жапырақтардың түсі қанық, әдемі болу үшін, қылқаламды суға жуып, сүртіп отыруды үйрету.<br><br>Сергіту сәтін жасауды ұсынады<br><br>Берекесін сыйлауға<br><br>Өлкемізге күз келді.<br><br>Жемістерін жинауға,<br><br>Шақырады біздерді.<br><br>***Дидактикалық ойын:*** *«Көкөністер мен жемістерді жина»*<br><br>***Ойынның шарты:*** *араласып кеткен көкөністер мен жемістерді айырып, екі себетке бөліп салу, аттарымен атау.* | Балаларға алдарына сурет дәптерлерін таратып береді.Дайын суретке сары, қызғылт сары, сары, қоңыр бояуларды пайдаланып, қылқаламды оң қолдарына ұстап салады. Осы бояуларға қылқаламның ұшын матырып, ағаштарға, жолдарға,жерге бояуды басып, жағу барысында жапырақтарды салады. Жапырақтарды салып болған соң , қылқаламды суға жуып, сүртіп отырады.<br><br>Сергіту сәтін жасайды. Әуенмен жапырақтар болып тұрады, ақырындап ұшып жерге қонады, құйын болып ұшады .<br><br>Балалар қызығушылықпен ойнайды. |
| | Балалардың қалай сурет салғандарын жапсырманы қалай | Балалар өздерінің еңбектеріне |

**Тексерілді:** ~~ әдіскер Л.Лепес

**Тәрбиеші М.Жантаева**

**Ұйымдастырылған вариативті жұмыс жоспары**

**Өткізу мерзімі:**21.09.2023ж

**Топтың жас ерекшілігі:**4жас

**Тақырыбы:** «Күз сыйы»

**Оқу іс-әрекеті:**мүсіндеу

**Мақсаты:** Жемістердің қасиеті туралы білімдерін кеңейту,ермексазбен ұқыпты жұмыс жасауға үйрету.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:**жемістер,жеміс муляждары.

Әдіс – тәсілдер: түсіндіру, көрсету,

сұрақ-жауап, әңгімелеу, мадақтау.

| Оқу іс-әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық - қозғаушылық | Кел,балалар,күлейік!<br>Күлкіменен түлейік!<br>Қабақ түйген не керек!<br>Көңілді болып жүрейік!<br>Тәрбиеші суреттерді қолдана отырып балалармен күз мезгілі туралы әңгіме жүргізеді. | Балалар шаттық шеңберін жасайды. |
| Ұйымдастырушылық – ізденістік | Басмармақпен басу арқылы алманың пішінін келтіреміз.Сабағын ағаш бұтақшасынан жасаймыз.Енді, жасыл түсті ермексаздың кішкене бөлшегін алып,алақанға салып домалақтаймыз,тақтайшаға қойып жалпақтау әдісі арқылы сопақша пішінге келтіреміз.Пышақтың ұшымен кесу арқылы жапырақтың бейнесін жасаймыз.Жапырақты алманың сабағына орналастырамыз.Алмамыз дайын болды.<br><br>Сергіту сәті:<br><br>Кәне, кімнің бойы ұзын,<br>Паровозы ол пойыздың.<br>Қатар қатар тұрайық<br>Пойызды біз құрайық. | Затқа қарай отырып,алма мен алмұртты мүсіндейді.<br><br>Балалар өлең жолдарына сәйкес қимылдар жасайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | Енді алмұртты жасауға кірісеміз.<br>Сары түсті ермексазды алып,алақанға салып<br>жұмсартамыз.Сопақ пішін жасаймыз.Сопақшаның жоғарғы жағын қысу арқылы<br>алмұрттың пішініне келтіреміз.Басбармақпен басу арқылы сабақ ойығын оямыз.Алманың сабағын жасағандай ағаш бұтақшасын орналастырамыз. | |
| Рефлексиялық - түзетушілік | Балалар жұмысынан көрме.<br>Алмұрт пен алманы әдемі етіп балаларды мадақтау | Балалар өз жұмыстарын көрмеге қояды.<br>Алма,алмұрттың дәмі,түрі,түсі,пішіні туралы<br>айтады. |

**Күтілетін нәтиже:**
Біледі: жеміс жидектер табиғаттың сыйы екендігін;
Игереді: пайдасын түсіне отырып, заттарды мүсіндеуді;
Меңгереді: жемістердің өзара айырмашылықтарын ажыратуды

**Тексерілді:** әдіскер Л.Левес

**Тәрбиеші М.Жантаева**

**Ұйымдастырылған вариативті жұмыс жоспары**

**Өткізу мерзімі:**28.09.2023ж

**Топтың жас ерекшілігі:**4жас

**Тақырыбы:** «Күз сыйы»

**Оқу іс-әрекеті:**мүсіндеу

**Мақсаты:** Жемістердің қасиеті туралы білімдерін кеңейту,ермексазбен ұқыпты жұмыс жасауға үйрету.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:**жемістер,жеміс муляждары.

Әдіс – тәсілдер: түсіндіру, көрсету,
сұрақ-жауап, әңгімелеу, мадақтау.

| Оқу іс-әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық - қозғаушылық | Кел,балалар,күлейік!<br>Күлкіменен түлейік!<br>Қабақ түйген не керек!<br>Көңілді болып жүрейік!<br>Тәрбиеші суреттерді қолдана отырып балалармен күз мезгілі туралы әңгіме жүргізеді. | Балалар шаттық шеңберін жасайды. |
| Ұйымдастырушылық – ізденістік | Басмармақпен басу арқылы алманың пішінін келтіреміз.Сабағын ағаш бұтақшасынан жасаймыз.Енді, жасыл түсті ермексаздың кішкене бөлшегін алып,алақанға салып домалақтаймыз,тақтайшаға қойып жалпақтау әдісі арқылы сопақша пішінге келтіреміз.Пышақтың ұшымен кесу арқылы жапырақтың бейнесін жасаймыз.Жапырақты алманың сабағына орналастырамыз.Алмамыз дайын болды.<br>**Сергіту сәті:**<br>Кәне, кімнің бойы ұзын,<br>Паровозы ол пойыздың.<br>Қатар қатар тұрайық<br>Пойызды біз құрайық. | Затқа қарай отырып,алма мен алмұртты мүсіндейді.<br><br>Балалар өлең жолдарына сәйкес қимылдар жасайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | Енді алмұртты жасауға кірісеміз.<br>Сары түсті ермексазды алып,алақанға салып<br>жұмсартамыз.Сопақ пішін<br>жасаймыз.Сопақшаның жоғарғы жағын қысу арқылы<br>алмұрттың пішініне<br>келтіреміз.Басбармапен басу арқылы сабақ ойығын<br>оямыз.Алманың сабағын жасағандай ағаш бұтақшасын орналастырамыз. | |
| Рефлексивтік - түзетушілік | Балалар жұмысынан көрме.<br>Алмұрт пен алманы әдемі етіп<br>балаларды мадақтау | Балалар өз жұмыстарын көрмеге қойды.<br>Алма,алмұрттың дәмі,түрі,түсі,пішіні туралы<br>айтады. |

**Күтілетін нәтиже:**

Біледі: жеміс жидектер табиғаттың сыйы екендігін;
Игереді: пайдасын түсіне отырып, заттарды мүсіндеуді;
Меңгереді: жемістердің өзара айырмашылықтарын ажыратуды

**Тексерілді:** әдіскер Л.Лепес

**Тәрбиеші М.Жантаева**

**Ұйымдастырылған вариативті жұмыс жоспары**

**Өткізу мерзімі:** 5.10.2023ж

**Топтың жас ерекшілігі:**4жас

**Тақырыбы:** «Шаңырақ»

**Оқу іс-әрекеті:**Жапсыру

**Мақсаты:** Ұлттық құндылығымызды дәріптей отырып,киіз үйдің басты бөлшегі шаңырақты түрлі түсті қағаздардан қиып жапсыру арқылы жасау.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** киіз үйдің макеті,шаңырақ сұлбасы түрлі-түсті қағаздар,қайшы,желім,сүрткіш

**Әдіс – тәсілдер:** түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауа, әңгімелеу, мадақтау.

| Оқу іс-әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық - қозғаушылық | Көтеріліп шаңырақ,<br>Уықтары шаншылар.<br>Керегелер керіліп<br>Өрімдей боп өрілер.<br>Тәрбиеші суреттерді қолдана отырып балаларға қазақтың бағалы құнды мүлкі киіз үймен таныстырады.Киіз үй туралы әңгімелейді.<br>Топтарға экскурсияға бару | Балалар шаттық шеңберін жасайды. |
| Ұйымдастырушылық – іздеңістік | Балалар біздің балалабақшамызда топтарда Ұлттық бұрыш жасақталған олардың бәрінен біз бірінші шаңырақты көреміз.Сондықтан шаңырақ киіз үйдің негізгі бөлшегі болып саналады<br><br>Балалар бүгін біз киіз үйдің шаңырағын қағаздан қиып жапсырамыз.<br>Ол үшін шаңырақты зерттейік.<br>Шаңырақ қандай пішінге ұқсайды?<br>Осы дөңгелек шеңберді тоғын деп | дөңгелек |

| | | |
|---|---|---|
| | атайды екен.<br>Сонымен қатар күлдіреуіш деген бар екен,ол киіз үйдің түндігін ұстап тұратын бөлшегі.Кепілдіклеген күлдиреуіштерді біріктіріп ұстап тұратын ағаш екен.<br>Шаңырақтың бөлшектерін балаларға қайталату.<br>Балалар енді шаңырақты түрлі -түсті қағаздан қиып жапсырамыз біздe алдымызда дайын шаңырақтың бөлшегі тоғын тұр осыған қиған күлдіреуіштерімізді әкеп жапсырамыз. | Тоғын,күлдіреуіш,кепілдік<br><br>Балалар қағаздан тік жүргізіп күлдіреуіштерді қиып ,оны орындарына жапсырады. |
| Рефлексиялық - түзетушілік | Балалар жұмысынан көрме.<br>Балалар бүгінгі оқу-іс әрекеті ұнады ма?<br>Сендер нені жасадыңдар?<br>Сендер үшін қызықты болды ма?<br>Не туралы білдік?<br>Жарайсыңдар,балалар әрқашан өзіміздің ұлттық құндылығымыз киіз үйімізді қастерлеп жүруіміз керек. | Балалар өз жұмыстарын көрмеге қойды.<br>Шаңырақ туралы айтады.<br>туралы<br>айтады. |

**Күтілетін нәтиже:**

Біледі: киіз үй туралы
Игереді: қағазды қиып жапсыруды
Меңгереді: шаңырақтың бөлшек

**Тексерілді:** әдіскер Л.Левес

**Тәрбиеші М.Жантаева**

**Ұйымдастырылған вариативті жұмыс жоспары**

**Өткізу мерзімі:** 12.10.2023ж

**Топтың жас ерекшілігі:**4жас

**Тақырыбы:** «Шаңырақ»

**Оқу іс-әрекеті:**Жапсыру

**Мақсаты:** Ұлттық құндылығымызды дәріптей отырып,киіз үйдің басты бөлшегі шаңырақты түрлі түсті қағаздардан қиып жапсыру арқылы жасау.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** киіз үйдің макеті,шаңырақ сұлбасы түрлі-түсті қағаздар,қайшы,желім,сүрткіш

**Әдіс – тәсілдер:** түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап, әңгімелеу, мадақтау.

| Оқу іс-әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
| --- | --- | --- |
| Мотивациялық – қозғаушылық | Көтеріліп шаңырақ,<br>Уықтары шаншылар.<br>Керегелер керіліп<br>Өрімдей боп өрілер.<br>Тәрбиеші суреттерді қолдана отырып балаларға қазақтың бағалы құнды мүлкі киіз үймен таныстырады.Киіз үй туралы әңгімелейді.<br>Топтарға экскурсияға бару | Балалар шаттық шеңберін жасайды. |
| Ұйымдастырушылық – ізденістік | Балалар біздің балалабақшамызда топтарда Ұлттық бұрыш жасақталған олардың бәрінен біз бірінші шаңырақты көреміз.Сондықтан шаңырақ киіз үйдің негізгі бөлшегі болып саналады<br><br>Балалар бүгін біз киіз үйдің шаңырағын қағаздан қиып жапсырамыз.<br>Ол үшін шаңырақты зерттейік.<br>Шаңырақ қандай пішінге ұқсайды?<br>Осы дөңгелек шеңберді тоғын деп атайды екен. | дөңгелек<br><br>Тоғын,күлдіреуіш,кепілдік |

| | | |
|---|---|---|
| | Сонымен қатар күлдіреуіш деген бар екен,ол киіз үйдің түндігін ұстап тұратын бөлшегі.Кепілдікдеген күлдиреуіштерді біріктіріп ұстап тұратын ағаш екен.<br>Шаңырақтың бөлшектерін балаларға қайталату.<br>Балалар енді шаңырақты түрлі -түсті қағаздан қиып жапсырамыз бізде алдымызда дайын шаңырақтың бөлшегі тоғын тұр осыған киган күлдіреуіштерімізді әкеп жапсырамыз. | Балалар қағаздан тік жүргізіп күлдіреуіштерді қиып ,оны орындарына жапсырады. |
| Рефлексиялық - түзетушілік | Балалар жұмысынан көрме.<br>Балалар бүгінгі оқу-іс әрекеті ұнады ма?<br>Сендер нені жасадыңдар?<br>Сендер үшін қызықты болды ма?<br>Не туралы білдік?<br>Жарайсыңдар,балалар әрқашан өзіміздің ұлттық құндылығымыз киіз үйімізді қастерлеп жүруіміз керек. | Балалар өз жұмыстарын көрмеге қояды.<br>Шаңырақ туралы айтады.<br>туралы<br>айтады. |

**Күтілетін нәтиже:**

Біледі: киіз үй туралы
Игереді: қағазды қиып жапсыруды
Меңгереді: шаңырақтың бөлшектерінің атауын

**Тексерілді:** әліскер Л.Лепес

**Тәрбиеші М.Жантаева**

**Ұйымдастырылған вариативті жұмыс жоспары**

**Өткізу мерзімі:** 19.10.2023ж

**Топтың жас ерекшелігі:**4жас

**Тақырыбы:** «Түскиіз»

**Оқу іс-әрекеті:**Жапсыру

**Мақсаты:** Балаларға күрделі емес ұлттық ою-өрнекті симметриялы қиюды үйрету,халық өнеріне деген сүйіспеншілігін арттыру,шыдамдылықпен,ұқыптылықпен жұмыс істеуге дағдыландыру.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** суреттер,түскиіз үлгісі,оюлардың түрлерітүрлі-түсті қағаздар, ермексаз,дәндер,қайшы,желім,сүрткіш

**Әдіс – тәсілдер:** түсіндіру, көрсету,сұрақ-жауап, әңгімелеу, мадақтау.

| Оқу іс-әрекеті | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Баланың<br>іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивация-лық кезеңі. | Балалар шеңбер құрып, дөңгелене тұрады.<br>Көңіл-күйімізді көтереміз, бір-бірімізге жақсы тілектер айтамыз. | Қайырлы таң, шуақты күн мен<br>Қалықтап ұшқан құстарым!<br>Қайырлы таң күлімдеген көздерің!<br>Әрбір жүрек мейірімге толы болсын.<br>Мейірімді танымыз, шуақты да ұзақ болсын! |
| Ұйымдастыру, іздену | Балалар біз қай мемлекетте тұрамыз?<br>Елордамыз қандай қала?<br>Ұлтымыз кім?<br>Қазақстан туралы қандай тақпақ білесіңдер?<br>Ою –өрнектер туралы айтып өту.<br>Ежелден келе жатқан аңыз бар.<br>Жан – жануарлардың бейнесін | Біз Қазақстан мемлекетінде тұрамыз.<br>Біздің елордамыз Астана қаласы.<br>Ұлтымыз қазақ.<br>Әйнегі күн, шатыры аспан, кең дала<br>Тал тозған етін<br>Көлдері күміс шашқан,<br>Қазақстан Республикам менің.<br>Тәрбиешіні тыңдайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | салмаған олардың бейнесін ою – өрнектер арқылы көрсеткен.<br>1.Қошқар мүйіз.<br>2.Ботамойын.<br>3.Сынық мүйіз.<br>4.Құс қанаты.<br>5.Бұғы мүйіз.<br>6.Толқын.<br>7.Ирек оюларымен әшекейленген.<br>Ал бірнеше ояларды біріктіру арқылы өрнектер шығарған.Бүгін біз ұлттық бұйымымыз түскиізді жасаймыз.<br>Сергіту сәтін орындаймыз. | |
| | | Орнымыздан тұрайық.<br>Қолымызды созайық.<br>Оңға қарай иіліп,<br>Солға қарай иіліп,<br>Белімізді жазайық.<br>Айналаға қарайық,<br>Отырып, тұрайық.<br>Біз тынығып алайық,<br>Тынығып болған соң<br>Әсем өрнек жасайық.<br>Жұмысты жасайды. |
| | Топпен жұмыс.<br>1 Топ. Ою – өрнекті дәндермен жасайды.<br>2 Топ. Түрлі – түсті қағаздан үлгіге қарап қиып жапсыру.<br>3 Топ. Ою – өрнектерге ермексазды жағу арқылы жасайды | |
| Рефлексивті түзету | Балалар сендер немен таныстыңдар?<br>Біздер бүгін не жасадық?<br>Балалардың еңбегін мадақтау<br>Көрме жасау | Ою-өрнекпен таныстық.<br><br>Түскиіз жасадық |

**Күтілетін нәтиже:**

Біледі : қазақ халқының салт –дәстүрімен қысқаша танысып білді
Қолданады: түсті қағазбен жұмыс жасап,қайшымен қиюды
Түсінеді: ою-өрнектің не екенін

**Тексерілді:** **Әліскер Л.Лепес**
**Тәрбиеші М.Жантаева**
**Ұйымдастырылған вариативті жұмыс жоспары**
**Өткізу мерзімі:** 26.10.2023ж
**Топтың жас ерекшілігі:**4жас
**Тақырыбы:** «Құрақ көрпе»
**Оқу іс-әрекеті:**Құрастыру
**Мақсаты:** Күнделікті тұтынатын бұйымдар жайында түсінік бере отырып,түрлі түсті қағаздардан,мата қиындыларынан көрпе құрату.
**Қолданылатын көрнекі құралдар:құрақ көрпе түрлері,**түрлі-түсті қағаздар,мата қиындылары
**Әдіс – тәсілдер:** түсіндіру, көрсету,сұрақ-жауап, әңгімелеу, мадақтау.

| Оқу іс-әрекеті | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Баланың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивация-лық кезені. | Балалар шеңбер құрып, дөңгелене тұрады.<br>Көңіл-күйімізді көтереміз, бір-бірімізге жақсы тілектер айтамыз. | Қайырлы таң, шуақты күн мен<br>Қалықтап ұшқан құстарым!<br>Қайырлы таң күлімдеген көздерің!<br>Әрбір жүрек мейірімге толы болсын.<br>Мейірімді таңымыз, шуақты да ұзақ болсын! |
| Ұйымдастыру, іздену | Балалар біз қай мемлекетте тұрамыз?<br>Бүгін біз балалар үйімізде күнделікті қолданып жүрген көрпелермен танысамыз,және оны әр түрлі жолдармен жасап үйренеміз.Балалар бәрінізде білесіздер,көрпені үйімізде не үшін қолданамыз?<br>Дұрыс айтасыңдар,балаларым ,көрпенің де түрлері бар.Олар қонақ көрпе,құрақ көрпе,шәй көрпе,төсек көрпе.Бүгін біз құрақ көрпенің түрлерімен оны қалай құрауға болады ,көреміз | Біз Қазақстан мемлекетінде тұрамыз.<br>Қонақ келгенде төсейміз |

| | | |
|---|---|---|
| | Құрақ көрпе түрлерісоюмен жасалған,түрлі геометриялық пішіндер арқылы жасалған көрпешелер.<br>Сергіту сәтін орындаймыз;<br><br>Топпен жұмыс<br>1 Топ. Ою – өрнекті орналастыру арқылы көрпе жасайды<br>2 Топ. Түрлі – түсті қағаздан үлгіге қарап қиып жапсыру арқылы көрпе жасайды<br>3 Топ. Ою – өрнектерге ермексазды жағу арқылы көрпе жасайды | Балалар берілген сұраққа жауап беріп отырады<br>Орнымыздан тұрайық,<br>Қолымызды созайық.<br>Оңға қарай иіліп,<br>Солға қарай иіліп,<br>Белімізді жазайық.<br>Айналаға қарайық,<br>Отырып, тұрайық.<br>Біз тынығып алайық,<br>Тынығып болған соң<br>Әсем өрнек жасайық.<br>Жұмысты жасайды. |
| Рефлексияті түзету | Балалар сендер немен таныстыңдар?<br>Біздер бүгін не жасадық?<br>Балалардың еңбегін мадақтау<br>Көрпелерден көрме жасау | Көрпенің түрлерімен таныстық.<br><br>Көрпе жасадық |

**Күтілетін нәтиже:**
Біледі : көрпе түрлерімен қысқаша танысып білді
Қолданады: түсті қағазбен жұмыс жасап,қайшымен қиюды
Түсінеді: құрақтың не екенін не екенін

**Тексерілді:** **әдіскер Л.Лепес**

**Тәрбиеші М.Жантаева**

**Ұйымдастырылған вариативті жұмыс жоспары**

**Өткізу мерзімі:** 2.11.2023ж

**Топтың жас ерекшілігі:**4жас

**Тақырыбы:** «Қоржын»

**Оқу іс-әрекеті:**Құрастыру

**Мақсаты:** Қоржынның суретін сала отырып,оның не екенін түсіндіру.

Бұйым жайында түсінік бере отырып дайын өрнекпен сурет салу,жапсыру,мүсіндеу.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:қоржын,**түрлі-түсті қағаздардан оюю шаблоны,ермексаз түрлері

**Әдіс – тәсілдер:** түсіндіру, көрсету,сұрақ-жауап, әңгімелеу, мадақтау.

Сөздік:қоржын

| Оқу іс-әрекеті | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Баланың<br>іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивация-лық кезеңі. | Көңіл-күйімізді көтереміз, бір-бірімізге жақсы тілектер айтамыз.<br><br>Тамаша,көңіл-күйлеріңіз көтерілді ме?<br><br>Олай болса балалар мен сендерге жаңылтпаш айтамын,ал сендер қайталайсыңдар.<br><br>Жол азық алдық,<br>Мол азық алдық,<br>Қоржынымыз толы азық алдық,<br>Сайлаудың қорғасын алдық. | Біз қандаймыз,қандаймыз?<br>Арайлап атқан таңдаймыз<br>Күлімдеген күндеймiз<br>Еш уайымды білмейміз<br><br>Иә<br><br>Балалар бірнеше мәрте қайталайды |
| Ұйымдастыру, іздену | Балалар жаңылтпаш айтқанда өзгеше сөз естіп тұрмыз ба?<br>Ол қандай сөз екен?<br>Қоржын деген затты пайдаланып жүрміз бе?Біздер ойын кезінде «сиқырлы қоржын» болмаса «ғажайып қоржынды» пайдаланамыз екен.Біздің ата-бабамыз | Иә<br>Қоржын |

| | | |
|---|---|---|
| | коржынды жолға азық алып шыққанда пайдаланған,ал қазір өзіміздің ұлттық салтымызда бар тойларда осы коржынды пайдаланады,бірақ ата дәстүрімізде ол бар бұйым Бүгін біз коржынды оюмен өрнектейміз<br><br>**Топпен жұмыс.**<br>1 Топ. Ою – өрнекті орналастыру арқылы коржынның суретін салады<br>2 Топ. Түрлі – түсті қағаздан үлгіге қарап қиып жапсыру арқылы коржын жасайды<br>3 Топ. Ою – өрнектерге ермексазды жағу арқылы коржынды әшекейлейді. | Сергіту:би қимылдары<br><br>Жұмысты жасайды. |
| Рефлексивті түзету | Бүгінгі әрекетіміз ұнады ма?<br>Біздер бүгін не жасадық?<br>Балалардың еңбегін мадақтау<br>Көрме жасау | Ия<br>Коржын жасадық |

**Күтілетін нәтиже:**

Біледі : Ұлттық бұйым коржын туралы
Қолданады: шаблонды пайдаланады
Түсінеді: Қоржын не үшін керек

**Тексерілді:** әдіскер Л.Лепес
**Тәрбиеші М.Жантаева**
**Ұйымдастырылған вариативті жұмыс жоспары**
**Өткізу мерзімі:** 9.11.2023ж
**Топтың жас ерекшілігі:**4жас
**Тақырыбы:** «Достарыма арналған үй»
**Оқу іс-әрекеті:**Жапсыру
**Мақсаты:** Қағаздан қиылған пішіндерді дұрыс пайдаланып үйді жасату.Қауіпсіздік ережесін сақтай отырып жұмыс жасауға дағдыландыру
**Қолданылатын көрнекі құралдар:коржын,**түрлі-түсті қағаздардан қию
**Әдіс – тәсілдер:** түсіндіру, көрсету,сұрақ-жауап, әңгімелеу, мадақтау.

| Оқу іс-әрекеті | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Баланың<br><br>іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивация-лық кезеңі. | ***Ғажайып сәт***<br>- Балалар, бізге ит және мысық қонаққа келді. Олармен танысайық.<br>Педагог жұмсақ ойыншықтар: ит және мысықты көрсетеді.<br>Біздің қонақтарымыз Дос және Мурка. Олар сендерден көмек сұрау үшін келіпті. Олардың тұратын үйлері жоқ екен.<br>Не істейміз?<br>Оларға көмектесіп, үйшік салып береміз бе? | Балалардың әрекеті<br><br>ия |

| | | |
|---|---|---|
| Ұйымдастыру, іздену | Үлестірмелі материалға назарларын аударады, жұмыстың орындалу ретін түсіндіреді.<br>-Үйдің шатырын қалай жасаймыз?<br>-Ал негізін ше?<br>-Үйдің тағы несі болады?<br>Балаларды **қауіпсіздіктің техникасының** жөн-жосығымен, қайшымен қалай жұмыс жасау керектігімен таныстырады.<br>1.Жұмыс істегенде тек өз үстелінде отыруға міндеттісің.<br>2. Қайшының қиятын бөлігін ұстауға болмайды.<br>3. Қолыңдағы қайшымен жүгіруге болмайды.<br>4.қолыңдағы қайшымен жолдасыңның қасына баруға болмайды.<br>5. Қайшының жүзін үстел үстінде өзіңнен әрі қаратып, құлап кетпейтіндей берік қою керек.<br>6. Жұмыс аякталғанда жұмыс | Үлестірмелі материалдарды қарастырады, сұрақтарға жауап береді, жұмыстың орындалу ретімен танысады.<br>Шаршы үшбұрыш.<br>Негізі – шаршы немесе тіктөртбұрыш.<br>Терезелері шаршыдан<br>Қауіпсіздік техникасының жөн-жосығымен танысады, қайшымен қалай жұмыс жасау керектігін тыңдайды, жұмысқа кіріседі. |

| | | |
|---|---|---|
| | орнын тазалап, жинастыру қажет.<br>Балалармен жеке жұмыс жүргізеді.<br>**Сергіту сәті:**<br>Мысығым, тұршы,<br>Айнаға қарашы,<br>Шашыңды тарашы.<br>Балалардың ішінен<br>Ең тапқырын таңдашы. | Өлең сөзінің мазмұнына қарай қимыл-қозғалыстар жасайды. |
| Рефлексивті түзету | Балалар бүгін біз кімдерге көмектестік?<br><br>Сендерге үйді жасаған ұнады ма? | Итке және,мысыққа<br><br>Иә |

**Күтілетін нәтиже:**

Біледі : үй туралы туралы
Қолданады: түрлі-түсті қағаздарды
Түсінеді: не үшін керек

**Тексерілді:** Әліскер Л.Лепес

**Тәрбиеші М.Жантаева**

**Ұйымдастырылған вариативті жұмыс жоспары**

**Өткізу мерзімі:** 16.11.2023ж

**Топтың жас ерекшілігі:**4жас

**Тақырыбы:** «Бауырсақ»

**Оқу іс-әрекеті:**Мүсіндеу

**Мақсаты:** Тұзды қамырдан бауырсақты мүсіндету,қолдың алақанның ұсақ моторикасын жетілдіру.Қауіпсіздік ережесін сақтай отырып жұмыс жасауға дағдыландыру.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** «Бауырсақ» ертегісінің кейіпкерлері.

**Әдіс – тәсілдер:** түсіндіру, көрсету,сұрақ-жауап, әңгімелеу, мадақтау.

| Оқу іс-әрекеті | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Баланың<br>іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивация-лық кезеңі. | (Сыбдыр естіледі.)- Балалар, тыныштаалайық! Бұл не сыбдыр? (Конверт қыстырылған қапшық тауып алады.)<br>Қапшықты ашамыз ба?<br>Ендеше жұмбақтың шешуін табыңдар.«Өзі дөңгелек сары, Дәмі сондай тәтті.»<br>Қаптың аузын ашып бауырсақты көрсетеді. Бұл не балалар?<br>Балалар, сендер «Бауырсақ» ертегісін білесіңдер ме? | Иә<br>Бауырсақ<br>Иә |
| Ұйымдастыру, іздену | Ендеше ертегіні бәріміз айтайық.<br>Ертеде әже мен ата болыпты. Бір күні ата әжеден бауырсақ пісіруін сұрапты. Әжесі қапшықтың түбін қағып - қағып бауырсақ пісіріпті. Оны суытып терезенің алдына қойыпты. Терезе алдында жатқан бауырсақ іші пысып орманға қарай домалай жөнеліпті.<br>Балалар, ертегіні айтып отырғанда тек тыңдап қана қоймай қимылдар жасап, ән салып, би билейік. | Иә |

| | | |
|---|---|---|
| | - Бауырсақ домалап келе жатып ормандағы алаңқайға тап болды. Бауырсақ айналаға мұқият қарап әдемі гүлдерді көрді. Ол гүлдерді иіскегісі келді.<br>-Әрине балалар сендер бұл ертегінің жалғасын білесіңдер<br><br>Сергіту сәтін орындату.<br>Шаршадым «Уһ!» дедім,<br>Ренжідім «Туһ!» дедім,<br>Қорықтым «Ой!» дедім,<br>Өкіндім «Ах!» дедім,<br>Шарасыз «Ех!» дедім,<br>Кейідім «И!» дедім,<br>Біліп ап «Ә!» дедім,<br>Қуанып «Ха - ха - ха!» дедім.<br>Балалар бүгін біз басты кейіпкеріміз бауырсақты жасап үйренеміз.<br>1.басын<br>2.көзін ,мұрнын,аузын<br><br>**Топпен жұмыс.**<br>1 Топ. Бауырсақтың суретін салады<br>2 Топ. Түрлі – түсті қағаздан бауырсақты жапсыру арқылы коржын жасайды<br>3 Топ. Тұзды қамырдан бауырсақты жасайды | Сергіту:би қимылдары |
| Рефлексивті түзету | Балалар сендер ненің бейнесін мүсіндедіңдер?<br>Оның түсі қандай болады екен?<br>Балалардың еңбегін мадақтау<br>Көрме жасау | Бауырсақты<br>Оның түсі сары болады |

**Күтілетін нәтиже:**

Біледі: Бауырсақ ертегісінің кейіпкерлерін біледі
Қолданады: Ермексаздан жұмыс жасап, бөліктерден құрастыруды қолдана алады.
Түсінеді: Ертегінің мазмұнын түсінеді

**Тексерілді:** әдіскер Л.Лепес
**Тәрбиеші М.Жантаева**
**Ұйымдастырылған вариативті жұмыс жоспары**
**Өткізу мерзімі:** 23.11.2023ж
**Топтың жас ерекшілігі:**4жас
**Тақырыбы:** «Сандық»
**Оқу іс-әрекеті:**Жапсыру,мүсіндеу
**Мақсаты:** Ұлттық оюды пайдаланып сандықты әшекейлеу
**Қолданылатын көрнекі құралдар:коржын,**түрлі-түсті қағаздар,ермексаз түрлері,бояулар
**Әдіс – тәсілдер:** түсіндіру, көрсету,сұрақ-жауап, әңгімелеу, мадақтау.

| Оқу іс-әрекеті | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Баланың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивация-лық кезең. | Өте мейірімді ,ақ шашты,бізге жылы қолғап, шұлық тоқиды,ұйықтар алдында ертегі айтып береді.<br>- Ол кім?<br>-Балалар,бүгін біз әжеміздің үйіне қонаққа барамыз. | Әже |
| Ұйымдастыру, іздену | **Жұмбақ шешу**.<br>Таңмен көзін ашады,<br>Әлемге нұрын шашады.<br><br>Аспаннан домалап,<br>Көк моншақ төгілді.<br><br>Бусанды бар дала,<br>Терледі,керілді.<br>Қанаты жоқ ұшады,<br>Аяғы жоқ желеді.<br><br>Міне балалар жұмбақты шешіп болғаншада жеттік. Балалар әжемізбен амандасып ,қарсы алайық.<br>Әжей бұйымдары мен балаларды таныстырады.<br>-Мынау түскиіз, текемет, көрпе,сандық,коржын,қамшы т.б. | Күн.<br><br>-Жаңбыр<br><br>Жел.<br><br>Сәлеметсіз бе,әжей! |

| | | |
|---|---|---|
| | -Әже осының ішінде әдемі болып көрініп тұрғаны сандық.Осы сандық қалай жасалған сол туралы айтып берсеңіз.<br>Әжей сандықтың жасалу,қолдану жолдарын айтып береді.Әжейдің немересі сандықты мүсіндеу жолдарын көрсетеді.<br>1.Ермексазды жұмсартып, төрт бұрышты пішінге келтіреміз . Бұрыштарды қырлаймыз.Шымшу әдісі арқылы сандықтың аяғын шығарамыз.<br>2. Жасыл түсті ермексазды алып жалпақтаймыз.<br>**Сергіту сәті:**<br>3. Басу әдісін қолданып, сандықтың бетіне кесілген пішінді басамыз,орналастырамыз.<br>4.Ермексазды жалпақтап,кішкене шаршыларды кесеміз.<br>5. Ермексазды ұзыншақтап есіп,сандықтың төбесін,жанын өрнектеуге қолданамыз.<br>**Топпен жұмыс.**<br>1 Топ. Ою – өрнекті орналастыру арқылы дайын сандықты әшекейлейді<br>2 Топ. Түрлі – түсті қағаздан қарап қиып жапсыру арқылы сандықты оюмен безендіреді<br>3 Топ. Ермексаздан сандықты жасайды | Музыкамен би қимылдарын жасайды |
| Рефлексивті түзету | Балаларға көмектескен әжеміздің немересі ,жасалған жұмысқа баға береді.<br>Сандықты неден жасайды?<br>Үйлеріңде сандық бар ма?<br>Дайын жұмыстарын ұлттық бұрышқа орналастырады. | Балалар жасаған мүсіндерін қарап, жіберген қателіктерін түзетеді. Балалар сұрақтарға жауап береді. Бар. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** сандықтың ұлттық,сәндік бұйым екенін.
**Игереді:**сандықты ермексаздан әдемілеп мүсіндеуді.
**Меңгереді**:сандықты әдемі әшекейлеу әдістерін.